

ЭОЖ 330:336.14 (574)

С.А. Шоимбаева\*, Р.М. Жунусова, А.К. Жусупова

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*E-mail: 1999m\_2010@mail.ru

### **2013-2015 жылдардың республикалық бюджет көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау**

Мақалада 2013-2015 жылдарға бекітілген республикалық бюджет көрсеткіштері мемлекеттің бюджеттік саясатын жүзеге асыру мәселелері жағынан талданып, оның өзгерістері мен жалпы бағыттары қарастырылған. Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген, атап айтқанда, салықтық түсімдер, трансферттер деңгейінің өсімі қарастырылған, себебі оның көлемі өткен жылдармен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейде. Мұнда бюджеттік несиелеу көлемі, құрылымы және бағыттарына салыстырмалы сипаттама келтірілген, қаржылық активтермен жасалатын операциялар қарастырылған және берілген. Сонымен қатар республикалық бюджеттің маңызды бір бөлімдерінің бірі таза бюджеттік кредиттеудің көлемі мен өзгерістері қарастырылып, олар берілген және өтелген бюджеттік кредиттер арасындағы айырмасы анықталған. Жасалған талдау көрсетіп отырғандай, бюджеттік кредиттерді беру және өтеу әр жылда әртүрлі, себебі мұндай жағдай бюджеттік кредиттерді пайдаланатын негізгі алушыларға байланысты. Жалпылай айтқанда, республикалық бюджет параметрлері мемлекеттік міндетті орындауды, яғни республикалық бюджеттің тапшылығын төмендетіп, оның деңгейін дағдарыстық уақытқа дейінгі деңгейге жеткізуді қамтамасыз ететін бюджеттік саясатты жүргізуді талап етеді.

**Түйін сөздер:** республикалық бюджет, бюджеттік саясат, бюджет тапшылығы, бюджет параметрлері, бюджеттік кредиттер, қаржы активтері, тапшылықты қаржыландыру, трансферттер.

S.A. Shoimbaeva, R.M. Zhunusova, A.K. Zhusupova

### **Comparative analysis of the budget indicators of the republican budget for 2013-2015**

The article describes the performance of the republican budget for 2013-2015 from the point of view of implementation of fiscal policy. Special attention is given to the formation of the budget revenue, including tax revenues by major species and transfers in the form of budget withdrawals and budget subventions. It also provides a comparative description of the structure and directions of budgetary loans, the analysis of costs related to the acquisition of financial assets for evaluations such operations. One of the important parts of the national budget on the structure of the budget is the net lending, which is defined as the difference between outstanding and repayment of budget loans. The principle of continuity is closely interconnected with the principles of targeting and targeted nature of the budget, which assume the direction and use of tools in order to achieve performance results of each public body under their strategic plans, state and industrial programs.

**Keywords:** republican budget, revenues and expenses, tax revenues, the National Trust, transfers, withdrawals budget, budget transfers, financial assets, budget credits.

С.А. Шоимбаева, Р.М. Жунусова, А.К. Жусупова

### **Сравнительная оценка показателей республиканского бюджета на 2013-2015 годы**

В статье рассмотрены показатели республиканского бюджета на 2013-2015 годы с точки зрения реализации фискальной политики государства. Особое внимание уделено формированию доходной части бюджетов, в том числе налоговых поступлений по основным их видам и трансфертов в виде бюджетных изъятий и бюджетных субвенций. В ней также приводится сравнительная характеристика объема, структуры и направлений бюджетного кредитования, проведен анализ затрат, связанных с приобретением финансовых активов с целью оценки таких операций.

**Ключевые слова:** республиканский бюджет, доходы и расходы, налоговые поступления, Национальный фонд, трансферты, бюджетные изъятия, бюджетные субвенции, финансовые активы, бюджетные кредиты.

Тұтастай алғанда, 2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында қойған міндеттерін және мемлекеттің басқа да басым міндеттерін іске асыру мақсатында қалыптастырылды.

2012-2016 жылдарға экономиканың макро-экономикалық даму сценарийі республикамызда әлемдік экономиканың болжам тенденциясын, әлемдік тауар нарығындағы жағдайларды ескере отырып қалыптасқан. Мұнайдың бағасы болжамдық деңгей негізінде 2013 жылға базалық сценарий бойынша 1 баррелге шаққанда 90 АҚШ доллары мөлшерінде қарастырылған [1]. Ол тұтастай алғанда, әлемдік экономикадағы потенциалды тәуекелдерге сәйкес келеді.

2013-2015 жылдарға бекітілген бюджетте, бір жағынан алғанда, шығыстарды жоспарлау консервативтік түрде қарастырылған, екінші жағынан алғанда, бюджет негізгі кіріс көздерінің мүмкін болатын құлдыраулардан және кризистің жаңа толқындарының республикалық бюджетке әсер етуінен сақтандырылған.

Республикалық бюджеттің негізгі параметрлерін жоспарлауда алғаш рет Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексіндегі енгізілген өзгерістерге сәйкес бюджеттің шартты қаржыландырылатын шығындары деген жаңа ұғым енгізілгенін атап өткен жөн. Мұндай шығындарды ұстап тұру экономиканы қосымша ынталандырулармен қамтамасыз ету дегенге саяды. Мұндай шығындар 2013-2017 жылдарға еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму Болжамында көрініс тапқан. Мұндай шығындар 2013 жылға республикалық бюджетте 200 млрд. теңге деңгейінде қарастырылған және 2013-2017 жылдарға еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамында келтірілген тізімі республикалық бюджеттің кірістерін нақты нұсқада жопарлауға мүмкіндік береді.

Бюджетте 2013-2017 жылдарға мұнайға болжанған әлемдік баға барреліне \$90 қарастырылған. Берілген параметрлерді ескере отырып, 2013 жылы ЖІӨ нақты өсімі 6%, 2014 жылы 6,1%, 2015 жылы 7,6% құрайтын болады. Инфляция 2013-2015 жылдары 6,0-8,0 % шегінде болжанған. Бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге шаққанда 2013 жылы 2,1 % (-758,2 млрд. теңге) деңгейінде, 2014 жылы (-758,9 млрд. теңге) немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,8%, 2015 жылы (-735,8 млрд. теңге) немесе ЖІӨ-ге шаққанда 1,5% [2].

Көріп отырғанымыздай, республикалық

бюджет тапшылығының мөлшері азаяды деп қарастырылған, ол ЖІӨ мөлшерінің нақты өсімімен байланыстырылған.

Енді 2013-2015 жылдарға бекітілген үш жылдық республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштерін қарастырайық. Онда келтірілген көрсеткіштер негізінде бюджеттің негізгі кіріс көздері – салықтық түсімдер мен трансферттер екеніне көз жеткізуге болады (1-кесте).

1-ші кестеден көріп отырғанымыздай, республикалық бюджеттің кірістері жылдарға сәйкес 5,7% және 11,7% ұлғаяды. Жыл сайын кірістер құрамындағы салықтардың үлесіне 2013 жылы 70,1 % және 2015 жылы 77 % келеді. Кірістердің келесі маңызды көздерінің бірі трансферттер болып табылады, ол орташа – 27,5%. Салықтық емес түсімдер мөлшері мен негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер республикалық бюджеттің тек 0,3% – 1,1%-ын құрайды.

2013 жылға әрекет етуші салық ставкаларының деңгейінің сақталуына қарамастан келесі екі жылға республикалық бюджетке барлық салықтық түсімдердің абсолютті мөлшерінің де, салыстырмалы мөлшерінің де өсімі жоспарланған, ол мемлекеттің нақты экономикалық секторларындағы жағдайлардың жақсарылуымен түсіндіріледі.

Бюджеттің кіріс көзі ретіндегі трансферттерден түсетін түсімдердің маңызы жоғарылағанын атап өткен жөн. Үш жылдық кезеңгі болжам бойынша олар орташа 1,4 трлн теңгені құрайды және кірістердің жалпы сомасының орташа 24,5 %-ын құрайды.

Трансферттердің құрамы әр жыл сайын Ұлттық қордың трансферттері есебінен қалыптасады, олардың үлесі 2013-2015 жылдары орташа алғанда 89,5% құрайды және қалған 10,5 % өңірлердің трансферттері. Ұлттық қордың трансферттерінің мөлшері соңғы жылдары 2013 жылмен салыстырғанда абсолютті мөлшерде де, салыстырмалы мөлшерде де, яғни 1 380 трлн теңгеден 1 188 трлн. тг немесе 91% 87%-ға дейін төмендейтін болады [2].

Бюджеттік алып қоюлар немесе өңірлердің бюджеттерінен алынатын трансферттерге келетін болсақ керісінше олар болжам бойынша өседі. Егер 2013 жылы болжам бойынша олар 137,2 млрд. тг құраса, онда 2015 жылы 77,7 млрд. тг. немесе 9 % -дан 13%-ға дейін өседі.

Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттердің мөлшері тұрақсыз және 2013 жылы 865 844,1 млн. тг құрайды.

**1-кесте** – Бекітілген республикалық бюджеттің негізгі параметрлері, млн. тг

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	Өзгерістер, %	
				2014/2013 жж.	2015/2014 жж.
1. Кірістер.	5331510,4	5633695,8	6295147,7	105,7	111,7
Оның ішінде:					
- салықтық түсімдер;	3736036,0	4235152,1	4846776,7	113,4	114,4
- салықтық емес түсімдер;	58833,0	59783,0	61561,7	103,0	104,6
- капитал мен операциялардан түсетін кірістер;	19450,0	19700,0	21150,0	101,3	107,4
- трансферттерден түсетін түсімдері;	1517191,4	1319060,7	1365659,3	86,9	103,5
2. Шығыстар.	6023748,0	6246880,3	6965334,5	103,7	111,5
3. Таза бюджеттік кредиттеу.	27322,9	76054,1	17948,2	27,8	23,6
Оның ішінде:					
- бюджеттік кредиттер;	116487,1	149097,9	110627,5	128,0	74,1
- бюджеттік кредиттерді өтеу.	89164,2	73043,8	92679,3	81,9	126,9
4. Қаржы активтерінің операциялары бойынша сальдо.	65615,2	69677,3	47645,0	106,2	68,4
Оның ішінде:					
- қаржылық активтерді сатып алу;	80052,7	70027,3	47995,0	87,5	68,5
- мемлекеттің қаржы активтерін; сатудан түсетін түсімдер;	14437,5	350,0	350,0	2,4	100,0
5. Тапшылық.	-785175,7	-758916,0	-735780,0	96,7	97,0
6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру.	785175,7	758916,0	735780,0	96,7	97,0

Жыл сайын оңтүстік өңірлердің үшеуі ең көп субвенцияларды алады: Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстары, олардың үлесіне 2013 ж. 25,4 %, 11,9% және 10,1 % келеді. Табиғи ресурстарға бай аймақтар мен экономикалық дамыған аймақтарға бюджет қаражаттары аз бөлінетін болады, оларға Батыс Қазақстан облысы (1,6%), Ақтөбе (3,8%) және Павлодар облыстары (3,2%) жатады.

Бюджеттік алып қоюлар мөлшері бюджеттік субвенциялардың мөлшерінен анағұрлым ба-

сым екенін атап өткен жөн. 2013 жылы мұндай басымдық 1,7 есе, 2014 жылы – 1,4 және 2015 жылы – 1,3 есе.

Салықтық түсімдердің болжам бойынша өсімі байқалады (2-кесте). Егер 2013 жылы олардың мөлшері 3 736 035,9 млн. тг құраса, онда 2015 жылы олар 1,1 трлн. тг сома мөлшерінде өседі және 4,85 трлн. тг құрайды немесе 30%-ға өседі. Жыл сайын республикалық бюджетте ең маңызды түсімдер КТС мен ҚҚС болып табылады, олардың үлес салмағы орташа есеппен алғанда, 39,6% және 36 %.

**2-кесте** – Салықтық түсімдер құрылымы, %

Кіріс түрлері	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Салықтық түсімдер, барлығы	100,0	100,	100,0
КТС	39,5	39,3	39,9
ҚҚС	33,6	36,9	37,5
Акциздер	0,8	0,8	0,8
Ойын бизнесіне салық	0,1	0,1	0,1
Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланудан түскен түсімдер	5,6	4,3	3,7
Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	20,0	18,2	17,6
Заңды мәні бар әрекеттерді жүзеге асыруға алынатын міндетті төлемдер	0,4	0,4	0,4

Республикалық бюджеттің кірістерін қалыптастыруда КТС мен ҚҚС маңызды рөл атқарады, сонымен қатар кедендік төлемдер де маңызды көздердің бірі, оның үлесіне орташа 18,6%, ал табиғи және басқа ресурстарды пайдаланудан түскен түсімдерге орташа 4,5% келеді. Мұндай түсімдердің мөлшері абсолютті өлшемде де салыстырмалы мөлшерде де төмендегені байқалады.

Кірістермен қатар республикалық бюджеттің басты параметрі шығындар болып табылады. Олар да кірістер сияқты жылдан-жылға ұлғаюда (3-кесте).

Егер шығыстардың мөлшері 2013 жылы 6 трлн. тг-ден сәл асса, 2015 жылы ол көрсеткіш 7 трлн. тг немесе 15,6 %-ға өседі. Орта мерзімді кезеңге шығыстардың басымды функционалды топтары 6 топ «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» болып қалады, оның үлес салмағы 23,3% құрайды.

Қаржыландырудың басым бағыттары жыл сайын шығыстардың 3,5,12 және 13 функционалды тобы: қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, денсаулық сақтау саласы, көлік және коммуникация, сондай-ақ мемлекеттің басқа да шығыстары. Мұндай шығыстардың үлесіне олардың жалпы сомасының орта есеппен 8,2%, 8,3%, 5,2% және 10,8%-ы келеді.

Шығыстарды бөлу кезіндегі жағымды жақтардың бірі «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер», яғни басқару аппараттарын ұстап тұрумен байланысты шығындар мен «Отын-энергетика кешенінің» шығындарын қаржыландыруды қысқарту, олар өзін-өзі ақтау және өз қызметін өзін-өзі қаржыландыру жағдайын да жүзеге асырады. Жағымсыз сәті ауыл шаруашылығын қаржыландыруды 194,7 млрд. тг-ден 170,6 млрд. тг-ге дейін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын 175 млрд. тг-ден 157 млрд. тг-ге дейін және көлік пен коммуникацияны 378 млрд. тг-ге – ден 201 млрд. тг-ге дейін немесе 47% азайту екенін атап өткен жөн, сондай-ақ мемлекеттің басқа да шығыстары біршама өседі. Мұндай шығындардың өсімі 2015 жылы едәуір болады. 2013 жылы олар 479,3 млрд. тг құраған, 2015 жылы – 1,2 трлн. тг немесе болжам бойынша 757 млрд. тг немесе 2,8 рет өседі. Бірақ та мұндай шығындар құрылымын қалыптастыру Үкіметінің резервтерін 58,8 млрд. тг сомасында қалыптастырумен, Қазақстан Республикасының «ЕврАзЭҚ Дағдарысқа қарсы қорына» 60 млрд. тг мөлшерінде бастапқы жарнасын төлеу мақсатында, ең бастысы, 200 млрд. тг сомасында жеке бюджеттік бағдарламаларды шартты түрде қаржыландыратын шығындарға

3-кесте – Бекітілген республикалық бюджеттің шығыстары, млн. тг

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	Осу (төмендеу) қарқыны, %	
				2014 ж.	2015 ж.
Шығыстар, барлығы	6023748,1	6246880,3	6965334,5	103,7	111,5
Оның ішінде:					
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	286030,5	239175,7	220844,4	83,6	92,3
2. Қорғаныс	388583,6	399546,1	403432,5	102,8	101,0
3. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік	528555,9	525060,4	508978,0	99,3	96,9
4. Білім беру	469637,9	497372,9	498984,3	105,9	100,3
5. Денсаулық сақтау	515294,6	528978,3	537156,5	102,7	101,5
6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1323903,8	1475626,9	1703086,6	111,5	115,4
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	174967,5	175669,2	157081,1	100,4	89,4
8. Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік	88005,9	88280,1	85415,5	100,3	96,8
9. Отын-энергетика кешені	100848,4	91644,1	89761,5	90,9	97,9
10. Ауыл және онымен байланысты басқа да шаруашылықтар	194741,5	175970,3	170645,6	90,4	97,0
11. Өнеркәсіп пен құрылыс	15823,5	16312,6	11537,3	103,1	70,7
12. Көлік және коммуникация	377948,7	408481,3	201072,6	108,1	49,2
13. Басқалар	479320,8	434406,9	1236515,9	90,6	2,8 есе
14. Қарыздарды өтеу	214241,3	241241,8	241241,8	112,6	100,0
15. Трансферттер	865844,1	949113,6	899580,9	109,6	94,8

бөлумен байланысты болып отыр. Мұндай шартты шығындар жайлы жоғарыда да сөз қозғалған және олар шынында да тұрақсыз әлемдік экономика жағдайында қажет-ақ. Сонымен қатар басқа да шығындардың құрамында облыстық бюджеттерге «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымын дамыту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері 13 млрд.тг сомасында және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдау үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді 13 602 227 мың тг сомасында құрайды.

Республикалық бюджет шығыстарының жалпы сомасы 15 функционалдық топтардың шығыстарымен қатар бюджеттен бөлінетін кредиттер мен қаржы активтерін сатып алу шығындарын қамтиды. Мұндай шығындар 2013-2015 жылдарға үшжылдық кезеңге тапшылықтың төмендеуін ескере отырып болжанған. Шығындардың жалпы көлемі (жергілікті бюджеттерге берілетін субвенцияларды ескере отырып) 2013 жылы 6 трлн. тг-ден артық көлемде, 2014 ж. 6,5 трлн. тг мөлшерінде, 2015 ж. 7 трлн. 124 млрд. тг мөлшерінде белгіленген. Бюджет тапшылығы 2013 жылы ЖІӨ-ге шаққанда 2,1% деңгейінде немесе 785,2 млрд. тг, 2014 жылы 1,8% немесе 758,9 млрд. тг және 2015 жылы 1,5% немесе 735,8 млрд. тг бекітілген. Бюджет тапшылығын бұлайша төмендету халықаралық стандартқа сәйкес келетін қалыпты деңгейде мемлекеттік борышты қолдау мақсатында жоспарланған.

Республикалық бюджеттің маңызды бір бөлімдерінің бірі таза бюджеттік кредиттеу, ол берілген және өтелген бюджеттік кредиттер арасындағы айырма арқылы анықталады. Оның мәліметтері 4-кестеде келтірілген.

Жасалған талдау көрсетіп отырғандай, бюджеттік кредиттерді беру және өтеу әр жылда әртүрлі. Егер 2013 жылы 116,5 млрд. тг шамасында кредиттер беріледі, 2014 жылы берілген кредиттердің көлемі 32,6 млрд. тг өседі және 149 млрд. тг құрайды, ал 2015 жылы кредиттерді беру көлемі тағы да 110,6 млрд. тг немесе 25,8%-ға азаяды.

Мұндай жағдай кредиттерді өтеуге де қатысты. 2013 жылы кредиттерді өтеу берілген кредиттердің мөлшерінен 27,5 млрд. тг төмен, 2014 жылы өтеу 76 054,1 млн. тг дейін төмендейді және 2015 жылы таза бюджеттік кредиттеу болжам бойынша 17 948,2 млн. тг құрайтын болады. Бюджеттік кредиттерді өтеудің ең жоғарғы пайызы 2015 жылы 83,8%, ал ең төменгісі 2014 жылы 51% мөлшерінде.

Бюджеттік кредиттерді негізгі алушылар 2013-2015 жылдары ауылшаруашылық салалары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтары болып табылады. Олардың үлесіне кредиттердің жалпы сомасының 70 %-дан 80 %-ға дейін келеді. Бұл – белгілі бағыттар, «ҚазАгро» «Ұлттық холдингі» АҚ агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін қолдау бойынша шараларды өткізуге кредиттер беру. Ауылшаруашылығына бөлінген 66,7 млрд теңгенің 60 млрд теңгесін немесе 90% «ҚазАгро» «Ұлттық холдингі» АҚ

#### 4-кесте – Бюджеттік кредиттер мөлшері мен бағыттары

Бюджеттік кредиттер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл	
	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %
Барлық берілген кредиттер	116487,1	100,0	149097,9	100,0	110627,5	100,0
Оның ішінде:						
Ауылшаруашылығы және онымен байланысты басқа да салалар	66732,7	57,3	46732,7	31,3	46732,7	42,3
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	16951,3	14,5	20634,2	13,8	23926,4	21,6
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	30152,5	25,9	60000,0	40,3	37000,0	33,4
Басқалар	2650,6	2,3	21731,0	14,6	2968,4	2,7
Бюджеттік кредиттерді өтеу	89164,2	-	73043,8	-	92679,3	-
Таза бюджеттік кредиттер	27322,9	-	76054,1	-	17948,2	-
Бюджеттік кредиттерді өтеу пайызы	76,5	-	49,0	-	83,8	-

алады. Сонымен қатар 2013 жылғы бюджетте жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде селода жеке кәсіпкерлікті қолдау үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 16,9 млрд теңге мөлшерінде кредиттер беру қарастырылған.

Кредиттердің қомақты сомасы (13% – 21,6% олардың жалпы сомасынан) әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінеді деп болжанған, 2015 жылы мұндай кредиттердің мөлшері 2013 және 2014 жылдармен салыстырғанда едәуір өскен және 2013 жылдың деңгейінен 24 млрд. тг, яғни 7 млрд. тг немесе 41,1% жоғары. Жыл сайын мемлекеттің басқа да шығындары кредиттелініп отыратын болады.

Құрылымы бойынша республикалық бюджеттің келесі бөлімі мемлекеттің қаржы активтерімен жасалатын операциялар болып табылады, ол 5-кестеде келтірілген.

Қаржы активтерімен жасалатын операция-

лардың көлемі жыл сайын төмендеп отырғанын көреміз.

Егер 2013 жылы олардың мөлшері 80 млрд. тг теңессе, онда 2014 жылы ол 70 млрд. тг дейін төмендеген және 2015 жылы 48 млрд. тг дейін немесе 40 %-ға төмендеген. Мұндай шығындар тәжірибе көрсеткендей, негізінен, жарғылық капиталдарын ұлғайту мақсатымен әртүрлі мемлекеттік институттарды қаржылық қолдауға беріледі. 2013 жылы мұндай қолдау «Самұрық-Қазына Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ көрсетілетін болады, оның үлесіне барлық бөлінген мемлекеттік қаржының 28 %-ы келеді, онда 2014 жылдан бастап қаражаттың қомақты бөлігі қазақстандық ипотекалық компанияларға бөлінетін болады. 2014 жылы ол 37% құрайтын болса, ал 2015 жылы қаржы активтерін сатып алуға кеткен шығыстарының жалпы сомасының 57,4 %-ын құрайтын болады немесе басқа сөзбен айтқанда мұндай компаниялардың жарғылық ка-

**5-кесте** – Мемлекеттің қаржы активтерін сатып алуға кеткен шығыстары

Көрсеткіштер	2013 жыл		2014 жыл		2015 жыл	
	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %	Сомасы, млн. тг.	Үлес салмақ, %
Барлық берілген кредиттер	116487,1	100,0	149097,9	100,0	110627,5	100,0
Қаржы активтерін сатып алу, барлығы, оның ішінде:	80 052,7	100	70 027,3	100	47 995,0	100
«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі»	14 100,0	17,6	-	-	-	-
АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	18 443,2	23,0	13 733,8	19,6	-	-
«Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	4 990,3	6,2	1 848,2	2,6	529,4	1,1
ҚР Денсаулық сақтау және білім беру министрлігіне қарасты АҚ жарғылық капиталдарын ұлғайту	-	-	3 560,7	5,1	3 560,7	7,4
«Қазақэросервис» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	22 399,0	28,0	418,1	0,6	-	-
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	14 302,3	17,9	20 314,5	29,0	14 302,3	29,8
Көлік саласында қызметтерін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайту	86,5	0,1	26 250,0	37,5	27 562,5	57,4
«Қазақстандық ипотекалық компания» ИҰ» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту	-	-	1 708,9	2,4	-	-
«Халыққа қызмет көрсету орталығы» кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту	5 731,4	7,2	2 193,1	3,2	2 040,1	4,3
Басқа да функционалдық топтардың жарғылық капиталын ұлғайту						

питалы 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 3 есеге өседі бұл дегеніміз үш жылдық кезеңге тұрғын үй құрылысы бойынша жаңа мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың маңыздылығын тағы да атап өтеді.

Жыл сайын 2013-2015 жылдарға бюджеттен қаржыландырудың қомақты сомасы көлік, білім беру және денсаулық сақтау салаларында қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, «Қазақстан Ғарыш Сапары» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға беріледі. 2014 жылдан бастап «КазАгро» «Ұлттық холдинг» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға бағытталған қаражаттарды қаржыландыру тоқтатылады, «Самрұқ – Қазына

Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ шығындарын қаржыландыру да 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 98,1% күрт қысқартылады, ал 2015 жылы мүлде тоқтатылады деп болжанған.

Осылайша, 2013-2015 жылдарға республикалық бюджеттің негізгі параметрлерін зерттеу мемлекеттің шығыстарының өсімі номиналды ЖІӨ өсімінен аспау деңгейде болуын көздейді. Сонымен қатар мұндай жағдай маңызды мемлекеттік міндетті орындауды, яғни республикалық бюджеттің тапшылығын төмендетіп, оның деңгейін дәғдарыстық уақытқа дейінгі деңгейге жеткізуді қамтамасыз ететін бюджеттік саясатты жүргізуді талап етеді.

#### Әдебиеттер

1 Закон РК «О внесении изменений и дополнений в закон РК о республиканском бюджете РК на 2012-2014 годы» от 23 октября 2012 года № 1340.

2 Закон РК «О республиканском бюджете на 2013-2015 годы» от 23 ноября 2012 года № 54-V.

3 Досаев Е.А. «Об итогах социально-экономического развития и исполнения государственного бюджета Республики Казахстан за 9 месяцев 2012 года»//Доклад Министра экономического развития и торговли Досаева Е.А. на заседании Правительства РК 23 октября 2012 г.

#### References

1 Zakon RK “O vnesenii izmenenij i dopolnenij v zakon RK o respublikanskom budzhete RK na 2012-2014 gody” ot 23 oktyabrya 2012 goda #1340.

2 Zakon RK “O respublikanskom budzhete na 2013-2015 gody” ot 23 noyabrya 2012 goda #54-V.

3 Dosayev E.A. “Ob itogah socialno-economiceskogo razvivitiya i ispolneniya gosudarstvennogo budzheta Respubliki Kazakhstan za 9 mesyacev 2012 goda”//Doklad Ministra ekonomicheskogo razvitiya i trgovli Dosayeva E.A. na zasedanii Pravitelstva RK 23 oktyabrya 2012 g.